

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІЯТЫАКІМАТ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

Қ А У Л Ы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2001 ж. 25 сәуір
№ _____ дана

№ 7

_____ 200 г.
экз. № _____

«Батыс Қазақстан облыстық педагогикалық лицей» мемлекеттік мекемесін «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 42-бабын басшылыққа ала отырып, әкімият **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Батыс Қазақстан облыстық педагогикалық лицей» мемлекеттік мекемесі «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Облыстық білім басқармасы бір ай мерзімде заңда белгіленген тәртіпте «Батыс Қазақстан облыстық педагогикалық лицей» мемлекеттік мекемесінің Жарғысына тиісті өзгертулер енгізуді және оның әділет органдарында қайта тіркетуді қамтамасыз етсін.

3. Облыс әкімінің «Облыстық білім беру мекемелерін тіркеуден және қайта тіркеуден өткізу туралы» 1997 жылғы 21 шілдедегі № 153 шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген тіркеуге жататын облысқа бағынышты білім беру мекемелерінің тізбесіне:

қатар саны 3 жол төмендегідей редакцияда мазмұндалсын:

«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесі» Орал қаласы.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Өтемісовке жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ.Көшербаев

Негіз: 384 кор 1 тізім 268 іс 82 бет

Директордың у.м.а

Р.Галиаскаров

Орындаушы

А.Сахарова

